

Р.Б. Ермаханова¹, З.О. Дүкенбаева²

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің докторанты,
Астана қ., Қазақстан, e-mail: yermahanova.raya@mail.ru

²т.ғ.д., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің профессоры,
Астана қ., Қазақстан, e-mail: dukenbaevazo@mail.ru

Ш.МҰРТАЗА ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТАРИХИЛЫҚ СИПАТЫ

Аңдатпа

Ш. Мұртаза қазақ қоғамына ең алдымен жазушы ретінде танылған тұлға, оның қаламынан туындаған мақалалар мен эсселер, әңгімелер мен романдары әрдайым көкейтесті мәселерді көтеруімен де құнды. Бұл мақалада Шерхан Мұртаза шығармаларының біз үшін маңыздылығы оның тарихи тақырыптарды кең көлемде қамтыған мақалаларында, эсселерінде тіпті күнделік-терінің өзінде тарихи мәселелерге үнемі айналып соғып отырған өзіндік ерекшелігі мол жазушы екенін көрсеттік. Шығармашылық мұрасы мен жеке мұрағат қоры оның қоғамдық, қайраткерлік қызметінің және ғылыми–шығармашылық еңбектерінің құндылығын ашуға көмектеседі және зерттеудің өзегі болып табылады. Жамбыл облысы әкімдігі мен мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының Шерхан Мұртаза атындағы руханият және тарихтану орталығының дайындауымен жарық көрген «Ауылды сені сағынам» жинағындағы Жуалы ауданы, Талапты ауылындағы үйінде сақталған қолжазбаларынан үзінділер, студент шағындағы хаттары мен күнделіктері ғылыми мақаланы жазу барысында осы жеке қоры пайдаланылды. Зерттеудің басты мақсаты Ш. Мұртаза күнделіктері мен хаттарын тарихи тақырыпқа жазған әңгімелері мен эсселерін талдау арқылы жазушының шығармашылық және тұлғалық қалыптасу жолдарын айқындау. Осы мақсатқа сәйкес міндеттері, яғни жазушының шығармашылығындағы күнделіктер мен хаттарының рөлі анықталады, тарихи әңгіме, эсселердің тарихилық сипаты талданады. Мақалада ретроспективті, салыстырмалы әдістер қолданылды. Ш. Мұртаза күнделіктері мен хаттарындағы, әңгімелері мен эсселеріндегі тарихи тұжырымдар, З. Валиди еңбектері, Думан Анаш сұхбаттары мен қосымша құжатқа негізделген деректер арқылы тарихи шындығы негізделді. Ш. Мұртазаның күнделіктері хаттары, эсселері мен тарихи шығармалары арқылы біз жазушының әдебиетімізбен қатар тәл тарихымызға да зор үлес қосқанын көрсеттік.

Түйін сөздер: шығармалар, тарихилық, хаттар, күнделіктері, мақалалары, эсселері, естеліктер, жазушы, репрессия.

Р.Б. Ермаханова¹, З.О. Дүкенбаева²

¹ докторант Евразийского Национального Университета им. Л.Н. Гумилева,
г. Астана, Казахстан, e-mail: yermahanova.raya@mail.ru

² д.и.н., профессор Евразийского Национального Университета им. Л.Н. Гумилева,
г. Астана, Казахстан, e-mail: dukenbaevazo@mail.ru

ИСТОРИЧЕСКИЙ ХАРАКТЕР ПРОИЗВЕДЕНИЙ Ш. МУРТАЗЫ

Аннотация

Ш. Муртаза-личность, признанная казахским обществом прежде всего как писатель, чьи статьи и эссе, рассказы и романы, вдохновленные его пером, всегда поднимают насущные вопросы. В этой статье мы показали, что важность произведений Шерхана Муртазы для нас заключается в том, что он самобытный писатель, который постоянно обращается к историческим проблемам в своих статьях, эссе и даже в своих дневниках, которые широко освещают исторические темы. Творческое наследие и личный архивный фонд помогают раскрыть ценность его общественной, деятельной и научно-творческой деятельности и являются ядром исследований. Выдержки из рукописей, хранящихся в доме в селе Талапты Жуалынского района из сборника «Ауылды сені сағынам», изданного акиматом Жамбылской области и центром духовности и историографии имени Шерхана Муртазы управления культуры, архивов и документации, в ходе написания научной статьи были использованы письма и дневники. Основная цель исследования-выявить пути творческого и личностного становления писателя путем анализа его дневников и писем Ш. Муртазы на историческую тематику его рассказов и очерков. В соответствии с этой целью определяются задачи, то есть роль дневников и писем в творчестве писателя, анализируется исторический характер исторических повествовательных эссе. В статье использовались ретроспективные, сравнительные методы. Исторические выводы в дневниках и письмах, рассказах и очерках Ш. Муртазы, труды З. Валиди, интервью Думана Анаша и данные, основанные на дополнительном документе, обосновывали историческую реальность. В дневниках, очерках и исторических произведениях Ш. Муртазы мы показали, что писатель внес большой вклад как в нашу литературу, так и в нашу историю.

Ключевые слова: сочинения, историография, письма, дневники, статьи, очерки, мемуары, писатель, репрессия

R.B. Ermakhanova¹, Z.O. Dukenbayeva²

PhD student of the Eurasian National University named after L.N. Gumilyev, Astana, Kazakhstan
e-mail: yermahanova.raya@mail.ru

D.h.s., professor of the Eurasian National University named after L.N. Gumilyev, Astana, Kazakhstan
e-mail: dukenbaevazo@mail.ru

HISTORICAL CHARACTER OF THE WORKS OF S. MURTAZA

Abstract

Sh.Murtaza is a person recognized in the Kazakh society primarily as a writer, articles and essays, stories and novels arising from his pen are always valuable for raising pressing issues. In this article, we showed the importance of Sherkhan Murtaza's works for us that he is a writer with a great originality, who constantly turns to historical issues in his articles, essays, and even in his diaries, covering a wide range of historical topics. The creative heritage and personal archive fund help to reveal the value of his public, figure activities and scientific and creative works and are the core of his research. Excerpts from the manuscripts of the collection "Auyldy Sen sagynam", published by the Sherkhan Murtaza Center for spirituality and historical studies of the akimat of Zhambyl region and the Department of culture, archives and documentation, stored in the House in the village of Talapty, Zhualinsky district, in the course of writing a scientific article, letters and diaries in the student's youth were used by this personal fund. The main goal of the study is to determine the ways of creative and personal formation of the writer by analyzing the diaries and letters of Sh.Murtaza, his stories and essays on historical topics. In accordance with this goal, the tasks are determined, that is, the role of diaries and letters in the work of the writer, the historical story is analyzed the historical nature of the essays. The article used retrospective, comparative methods. Historical conclusions in the diaries and letters of sh.Murtaza, stories and essays, the works of Z.Validi, interviews with Duman Anash and data based on an additional document were substantiated by historical reality. Through the diaries, letters,

essays and historical works of sh.Murtaza, we showed that the writer made a great contribution to our history, as well as to our literature.

Key words: works, historicity, letters, diaries, articles, essays, memoirs, writer, repression

Кіріспе Шерхан Мұртаза – халқымыздың рухани және қоғамдық өмірінде өшпес із қалдырған тұлға. Шерхан Мұртаза шығармаларының біз үшін маңыздылығы сонда, ол тарихи тақырыптарды кең көлемде қамтыған өзінің романдарында, мақалаларында, эсселерінде тіпті күнделіктерінің өзінде тарихи мәселелерге үнемі айналып соғып отырған өзіндік ерекшелігі мол жазушы. Ш. Мұртазаның бойында аға буынның ерлік бітімімен сабақтасқан қозғаушы күш өршіл рух болды. Белгілі тарихшы Ж. Артықбаев атап көрсеткендей «Соған қарамастан, ХХ ғасырға дейін дала кеңістігінде бүлікшілік рух бар еді, оған мысал 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысы 1917-1920 жылдардағы шаруалар қозғалысы, 30-шы жылдары Кеңес мемлекетіндегі қуғын-сүргінге қарсы күрес, Алаш саяси қозғалысы, қазақ халқының көшпелілік көбірек сақталған аудандарындағы 30-жылдардағы Кеңес мемлекетінің түрлі күштеу және репрессия-лық іс-шараларына қарсы қарулы күресі дәлел. Тарихи үдерісті фактологиялық материалдар, сандар арқылы түсіндіру мүмкін емес, себебі тарихи қозғаушы күші рух, ол әртүрлі идеяларда қалыптасады» [1]. Ш. Мұртазаның шығармашылығына тарихи тұрғыдан баға беріп өз зерттеулерінде тұлға проблемасын арқау еткен тарихшылар М. Қозыбаев [2], Ж. Артықбаев [1], М. Асылбеков [3], М. Қойгелдиев [4], Б. Аяған [5], М. Алпысбес [6], Б. Қыздарбеков [7], С. Жолдасов [8], Т. Хазірет [9], Ж. Сүлейменов [10] т.б тарихшылар еңбектерін атап өтуге болады. Ш. Мұртазаның шығармаларындағы тарихилықты зерттеуші филологтар Р.С. Тұрысбек пен Қ.М. Байтанасованың «Қазіргі кезең әдебиеті» атты еңбектерінен де көруге болады [11]. Сонымен қатар Ш. Мұртаза шығармалары драмаға, халықтың басынан өткен, өтіп жатқан трагедияға толы шығармалар. Өмірдің өзінен алынған шынайылығынан болар Шерхан Мұртаза шығармаларын халқымыздың өте жылы қабылдап тебірене пікірлерін білдіргені.

Ш. Мұртазаның да елімізге жасаған еңбегін сандар арқылы түсіндіру мүмкін емес оны алға жетелеген қазақ халқына қалтқысыз қызмет ету идеясы еді. Ш. Мұртаза шығармалары әдеби тұрғыда зерттеліп өз бағасын алғанымен жазушының шығармалары тарихилығы тұрғысынан әлі толық зерттеу нысанына айналмаған. Сонымен қатар Ш. Мұртазаның тұлға ретіндегі қалыптасуы мен қоғамдық қызметі де зерттеуден тыс қалған

Материалдар мен әдістер. Ш. Мұртаза тұлғасы мен шығармашылық жолын терең түсіну үшін оның күнделіктерін де талдау нысаны еттік. Ш. Мұртазаның күнделіктері алдыңғы буын жазушы ағаларының дәстүрі іспетті мысалы – Ғ. Мүсіреповтің «Күнделік» деп аталатын естелік еңбегі [12], Ө. Нұршайықовтың соғыс жылдарында жазған әскери күнделіктері [13]. Халқымыздың ұлы жазушысы. М. Әуезовтың «Америка эсерлері» мен «Америка сапары (Жолжазбалар)», «Жапония күнделіктері» мен «Индия очерктері» күнделік жазудың тамаша үлгісі іспетті жазбалар [14]. Сонымен қатар қоғам қайраткері, ғалым М. Жолдасбековтың «Күнделіктерінде» Ш. Мұртазаның жеке өміріне қатысты да мәліметтер бар. Ш. Мұртаза күнделіктерін талдау, оның шығармаларының қалай дүниеге келгенін, тарихи деректерді табу жолындағы қажырлы ізденістерін түсінуге жол ашады. Сонымен бірге біз мақаланы жазу барысында жазушының туыстарына, бауырларына, құрбы-құрдастарына жазған хаттарына да біршама тоқталуды мақсат еттік. Бұл мақсатта жазушының жеке архивіндегі материалдар пайдаланылды. Сондай-ақ мақалада жазушының «Салауат саздары», «Баласағұн жұмбағы», «Кітап теңізіндегі жиһангез», «Ататүрік-Ұлттық рух», «Сталинмен қоштасу» атты тарихи тақырыптың төңірегіндегі эсселері мен мақалаларына талдау жасалынды [15]. Мақаланы жазу барысында Заки Валиди сынды белгілі тұлғалардың «Естеліктер» сынды еңбектері де дереккөз ретінде пайдаланылды [16]. Мақаланы жазуда автор ретроспективті әдістерді, салыстырмалы, тарихилық әдістерін қолданды

Нәтижелер мен талқылау Ш. Мұртаза күнделіктері оның жазушылық лабораториясы мен шығармашылық тарихнамасы десек те болады. Кейбір күнделік жазбаларына шолу жасасақ онда былай деген:

20.03.1980. - Ташкент – 715 [автор бұл жазбасымен Ташкент қаласындағы Өзбекстан Республикасы Орталық архивіндегі қор номерін меңзейді. Аталмыш қорда Әулиеата кезеңіндегі, Тұрар Рысқұловқа қатысты көптеген құжаттар сақтаулы]. Массив Чилинзар кв I дом 43 кв 16 -771673- Тұрсынходжаев Зікірулла Садуллаевич.

4.IV.80. -Автор «Письма пятерки», Ғ.Мүсірепов: – 1932 жылы Крайком мені Голощекин қол қойған мандатпен Ташкентке жіберді. Оқу бітірген қазақтарды Қазақстанға қайтару мәселесі. Абдолла Бөкейханов Шымкент губисполкомы. Бөкейханов: – Біздің уездің көп қазақтары Өзбекстанға ауып кетті, қайтарып беріңіздер! А.Икрамов, средазбуро председатели: – Қазақстанда болған коллективизация Өзбекстанда да болды. Аш қазақтарға біз Ташкентте 40 жерден қазан көтердік. Соны өздеріңіз неге істемейсіздер? Голощекинге сәлем айт... Әуелі сол аштар үшін ауқат, жұмыс дайындасын, сонда қайтарамыз. Осыны мен, Мүсірепов өз құлағыммен есіттім. «Қарт коммунист жазбаларынан» деп жазбақ ойым да бар. Бірақ Рысқұлов сенің тақырыбың [17].

8.IV.80. Ташкент. Партархив института ист. парти при ЦК Компартии Узбекистана. Хабиб Турсунов ака: – Сіздің қадамыңыз игі қадам. Тарихи қайраткерлерді жазу құрметті жұмыс. Кімде қате болмаған. Т.Р. сол қатені ерлерше мойындай білген адам. Ср.Ходжиев аз қателесіп пе? «18-дің хаты» ше? Ф.Х. ісі екені белгілі. Ал, бірақ кейін түзелді ғой. Т.Рысқұловтың А.Икрамовқа хаты қандай? Керемет қой. Азиз Лазиз-зада оны жақсы біледі. Өзім жолықтырамын. Рысқұловты өте сыйлайтын адам. Бірге істескен.

Ш.Мұртазаның бұл күнделік жазбаларынан біз негізінен оның өмірлік мұратына айналған қазақ халқының аяулы да ұлы тұлғасы Т. Рысқұлов турасындағы «Қызыл Жебе» романын жазуға материал жинап Ташкентке архивтерге барған сапарлары мен осы мақсатпен түрлі тұлғалармен соның ішінде Ғ. Мүсірепов сынды тұлғалармен пікірін тыңдап жазған жазбаларын көреміз. Мұнда Голощекиннің Қазақстанда қолдан жасаған аштық жылдарында, туысқан Өзбек халқының аштықтан қашып барған қазақтарға жасаған қамқорлығын көрген Ғ.Мүсіреповтың естелігінен бір үзік сыр жазылған. Жалпы Өзбекстанда отызыншы жылдары аштық болмаған, оны мына куәгерлердің сөзі де растайды «-Ия отызыншы жылдары Өзбекстанда ашаршылық болған жоқ, аштыққа ұшыраған қазақтар солай қарай ағылды ғой. Сондықтан Қалибек те аштықтан қашқан елмен бірге Ташкентке келген екен - деді Жарқынбек қария» [23].

Мына төмендегі күнделіктегі жазбалардан Ш. Мұртазаның қазақ халқының біртуар ұлы, сол дәуірдегі Қазақстан Орталық Комитетінің Бірінші Хатшысы болған Д.А. Қонаевтың да қабылдауында болып өз өтінішін жеткізгенін көруге болады:

26-31. V.80. Члену Политбюро ЦК КПСС. Первому секретарю ЦК Компартии товарищу Кунаеву Д.А. Дорогой Динмухамед Ахмедович! Я написал роман о Тураре Рыскулове. Перед этим я много изучал жизнь и деятельность этого замечательного и сложного человека. К его 60-летним юбилею считаю своим партийным и писательским долгом поделиться с вами, дорогой Динмухамед Ахмедович, некоторыми своими соображениями. Первое: до сих пор не названы труды Турара Рыскулова. Второе: было бы целесообразно переименовать (Жамбылская обл) станцию Луговое и районный центр Тюлкибаского района Чимкентской области с.Ванновка именем Рыскулова [17].

5.VIII.80. Д.Қонаевтың қабылдауы. сағ. 11.00. вокруг книги и о Т. Рыскулове. Д.Қонаев: – 28 жылы бұрынғы гимназия, ол кездегі КазПИ үйінде Т.Р. сөз сөйледі. «Бір кезде осы үйге мен қожаның балаларын оқуға күймемен тасушы едім. Табалдырығын аттау арман еді, енді төрінде сөз сөйлеп тұрмын, бақыттымын» деді. Мен оны өз құлағыммен есіттім. Мен Әзиза жеңгеміздің інісі Рашидпен бірге ойнап өскен адаммын. Рысқұлдың оқиғаларын білемін. – Білсеңіз, соның бәрі осы кітаптың ішінде бар. – Оқып шығамын. Орысшаға түсірілді ме? (аударылды ма дегені). – Иә, аударылды. Бірақ, шыққан жоқ. Рысқұловқа салқын қарайтындар әлі бар. Тірілкендердің бірі және бірегейі өзіңіз. Бірақ, әлі өз дәрежесінде оның халыққа сіңірген қызметін лайық бағалай алмай жүрміз. Мысалы, биыл ТүрікСібтің 50 жылдығы деп шулап жатырмыз. Ал, ТүрікСібке Рысқұловтай еңбегі сіңген ешкім жоқ. Ал, ТүрікСіб бойында тым болмаса бір разъезд соның атымен аталмайды. Мыс. Луговое. – Ол

қиын. Карта, т.б. бәрін қайта жасау керек. Карта, почта, толып жатқан документтер, халықаралық қағаздар... – Онда аудан орталықтарының бірі. Мыс. Ванновка... – Оны ойланайық. Тағы не? – Мен үшінші кітап үстіндемін. ИМЛ, Москваға бара беруге мүмкіндік жоқ. Партия тарихы инстдегі материалдарға рұқсат еткізіңіз. – Оны айтам, тапсырамын. – Тағы не? – Болдым. – Жаз. Жаза бер, Шәке! «Шәке» дегені... жоқ, ирония емес, шыны. Тағы да: – 60 жылдыққа арналған баяндамада арнап тұрып айтамын. – Алдына таман атаңыз. – Оны көреміз [17].

30.I.81.

Выступил Т. Рыскулов на II Всесоюзном совещании коммунистов тюркских народов. В Москве в марте 1921 г. Т.Р. утвержд. нац. вопрос неправильно решается в Ср.Азии. Ком.партия на словах гов. о принципах нац. вопроса, но на деле не выполняет их. Тюрккомиссия ничего не делает в обл. разрешения нац. вопроса. поэтому политика РСФСР в отношении народов Востока, как колонизаторская политика, стоит на разрешении Лондонской – конференции и в наших переговорах в Турции. (Ориентация на Ататюрка Кемалю) (К.А. Гафурова стр. 107-199) Ленин полн. собр. соч. т.41 стр. 166-168., 198,74. Письмо Турккомиссии Ленину от 21.III.1921 г. «Рыскулов и его группа здесь весьма популярны... Он (Рыскулов) умнее всех других, в его группе много дельных людей. Он популярен, чего нельзя сказать об Атабаеве и Тюракулове...» ЦПА ИМЛ Ф.5 оп.1 д.1403 л.2 Письмо Турккомиссии Туркбюро РКП (б) от 15 октября 1920 г. на имя ВЦИК СНК РСФСР, ЦК РКП (б) и лично Ленину. «Тов. Рыскулов Турар – один из наиболее выдающихся партийных работников с именем, которого связана целая полоса в истории развития сов. власти и компартии в Туркестане. Имя тов. Рыскулова – это знамя, вокруг которого группируются определенные слои партработников и с которым в то же время связана борьба другой группы, отличительная черта легла в основу т.н. «Рыскуловщины» – что поворот в сторону большого выявления и самоопределения национальных сил Киргизского (Казахского) народа, идущих в ногу с советской властью. Обладая большой силой воли, крупными организаторскими дарованиями, прямолинейностью в своих принципах тов. Рыскулов сумел создать себе авторитет и имя. Будучи теоритически развитым, имея и неплохую марксистскую подготовку, в то же время в своей работе часто поддается национальным мотивам, которые доминируют над классовыми...» ЦПА ИМЛ Ф.5. Оп.1. И.Кельднев. Материалы по истории Компартии Таджикистана стр.70 Незаурядную – в источнике [17].

Тұрар Рысқұловтың өмірбаянын Ш. Мұртаза өзінің отыз жыл уақытын сарп еткен шығармасына текке арқау етпеген. Ол Тұрар Рысқұловтың халықаралық денгейдегі ұлы тұлға болуы бір тараптан болса, екіншіден ол да Ш. Мұртаза сынды Әулиеатаның топырағынан шыққан тұлға. Екеуінің бастаулары бір, тағдырлары да ұқсас жетімдіктің зардабын көріп өскен жандар. Оны мына архивтік материалдан да көруге болады Т. Рысқұловтың Әулие-Атадағы революциялық қызметі туралы сол дәуірдегі комсомол белсендісі Р.У. Урунтаевтың дерегі: «Қай айдың есімде жоқ, бірақ жалпы, 1918 жылдың жазының соңында бізге Әулие Ата қаласына Рысқұлов Тұрар (қазіргі РСФСР Халық Комиссарлар Кеңесі төрағасының орынбасары) келді. Келгеннен кейін тағы бір күні ол барлық қазақ, қырғыз және өзбек жастарын жинады, соның ішінде Мен де болдым. Бізді барлығымызды езгіге қарсы революция үшін күресу - патша шенеуніктері, олардың қолбасшылары, байлар, манаптар мен кулактарға қарсы күреске шақырды. Біз тек социалистік революция езілген халықтарды патшалықтың ғасырлар бойғы құлдығынан босата алады деп терең сендік, сондықтан Рысқұловтың үндеуіне бірауыздан жауап беріп, пәрменді үгіт-насихат жұмыстарын өрістеттік. - Романовтар үйін көпшілік алдында одан әрі беделін түсіру бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргіздік [24].

Мына күнделіктегі жазбаларда Ш. Мұртаза туған жері Мыңбұлаққа тарихи өлкетанулық шолу жасайды. Осынау Бичуриннің жазбасы Ш. Мұртазаның «Ай мен Айша» романында аңыздың желісі ретінде баяндалған.

Мың-бұлақ Ол Су- (Шу) өзенінен батысқа қарай төрт жүзге жуық жол жүріп өтіп, Мыңбұлаққа жетті. Мын-бұлақ елінің аумағы шамамен 200 шаршы лиді құрайды. Жері мол

орман өсімдіктері керемет. Көктемнің соңғы айында түрлі-түсті жер сәнді кестеленген кілем сияқты. Мұнда жылдам ағатын суы бар көптеген су қоймалары бар, сондықтан олардың атауы Мыңбұлақ (мың бұлақ). Хан ту-киу (түрік.) жыл сайын осында келіп, жазғы ыстықтан құтылады. Мұнда кішкентай қоңыраулар мен сақиналармен безендірілген көптеген бұғылар кездеседі, олар адамдарға үйреніп қалған және оларды көргенде қашып кетпейді. Хан бұғыларды жақсы көреді және оларды тамашалауды ұнатады. Ол өз азаматтарына жарлық шығарды, онда кім бір бұғыны өлтірсе, оны аяусыз өлтіреді деп жазылған. (Сюань-Цзянь, 1,1-16) Қытай монахы VII б.д.) [25].

Ш. Мұртаза өзінің Д. Анашқа берген сұхбатында былай дейді: «Ал, бүгін Тұрар Рысқұловтың қайда жерленгені анықталып отыр. Оның зираты «Бутовада» емес, Ішкі істер комиссары болған Ягоданың үлкен саяжайында жерленген болып шықты. Ягода да сотталып, 1937 жылы атылып кеткен. Оны саяжайда жерлегеннен кейін үлкен заң қызметкерлерін, биліктегі адамдарды жерлейтін орынға айналып кеткен ғой. Үкіметтің үлкен дәрежедегі қызметкері болғандықтан, Рысқұловты да сонда жерлеген. Бірақ, олардың басында белгі жоқ. Мен мұны Еркін бауырым түсірген фильмнен көрдім. Жатқан дала. Айнала ағаштың ортасындағы алаңқайда зират бар. Бірақ, жермен-жексен болып, өсімдік қаулап кеткен. Қай жерде не бар екені белгісіз. Бірақ, тізімі жазылған қағазы бар [26].

1960 жылы «Социалистік Қазақстан» газетінде Рахмалы Байжасаров деген кісінің «Тұрар Рысқұлов» деген үлкен мақаласы жарияланды. Сол кезден бастап мен Рысқұловты зерттеуге, соның ізіне түстім. Оған жаңағы мақаламен бірге суреті де себеп болған еді. Тұрардың суретін мен ретушқадан сұрап алғанмын. Бертінге дейін бұл сурет менде сақталды. Кейін бір суретші көшіріп аламын деп сұрап алып, сол күйі бермей кетті. Бірақ, көшірмесі бар.

Мен Тұрар Рысқұловтың жерленген жерін 30 жыл іздедім. Көп уақытым архивтерде өтті. Ташкентте, Таразда, Орынборда, Мәскеуде архивтерде отырдым. Ол кезде бұл тақырып жабық күйінде еді. Оның зираты тұрмақ, есімін атауға тыйым салынған кездер болды. Сондай қиын кезеңдер өтті. Делоны береді. Керек жерін көшіресің. Бәрін көшіріп алу мүмкін емес. Кетерде жазбаңның бәрін алып қалады. Ертеңінде қайтып келесің. Өзіне береді. Бірақ, көп жері қырқылған болады. Қайшымен қырқып алып қалғаны көрініп тұрады. Мен мұрағаттарда отырғаннан кейін менің дәптерлерімді, қолжазбаларымды алып қоятын. Кейбір тұстарын қиып тастайтын. Өйткені, көп нәрсені жазуға шектеу бар еді. Қазір барлығын ашық айта бересің. Бәрі ашылып, зерттеліп жатыр. Ал, менің жұмыс істеген уақытымда бұған мүмкіндік болмады» [26].

«Коммунарка» – қазақ қайраткерлері жерленген құпия қабірстан. Бұл айтылғандарды мына деректер де айғақтай түседі: «В период массовых сталинских репрессий Турар Рыскулов был объявлен "врагом народа" и расстрелян 10 февраля 1938 года. По данным ФСБ России, переданным в фонд «Мемориал», в списке захороненных на спецобъекте НКВД под названием «Коммунарка» имеется сведения о захоронении Т. Рыскулова. В 1956 г. реабилитирован посмертно» [27].

Ал осы сұхбаттағы Рахмалы Байжасаров кім еді? Бұл кісі Ш. Мұртазаның жазбаларында басқа да деректерге қарағанда 1909 жылы Алматы облысы Қаскелең ауданында 1909 жылы дүниеге келген. Қарағанды қалалық партия комитетінің 2-ші хатшысы болып қызмет етіп тұрған жерінен 1938 жылы 8 маусымда тұтқындалып, 1941 жылы РСФСР ҚК 58-2, 58-7, 58-9, 58-11 баптары бойынша яғни, саяси жаламен репрессия құрбаны болып, айыпталып 8 жылға бас бостандығынан айыруға сотталған. Жазасын Магадан, Красноярск өлкелерінде өтеп кейін, қайта жаза кесіп тек 1955 жылы ғана ақталғанын көреміз [28].

Думан Анаштың Ш. Мұртазамен сұхбатында тағы бір пікір бар, ондай былай делінген: «Мұстафа Шоқайдың көп уақыты Францияда өтті. 1923 жылы Тұрар Рысқұлов Түркістан аймағын басқарып тұрған кезінде 33-34 баланы Германияға оқуға апарды. Сөйтіп, сол жерде оған Мұстафа Шоқаймен кездесуге мүмкіндік туады. Мұстафа Франциядан келеді. Екі тұлғаның Германиядағы кездесуінде не туралы сөйлескенін, қалай сөйлескенін ешкім білмейді. Бірақ, кездескені рас. Ал, Мұстафа Шоқай кітабында не деп жазды, неге оның пікірі өзгеше болды? Оның өз себебі бар. Тұрар әлі Кеңес Одағының қызметкері және жауапты

қызметкері. Халком кеңесі төрағасының орынбасары, өзі коммунистік партияның мүшесі. Осылай болғанда оның Алаш орда партиясының қайраткерлерімен ашық әңгімеде болуы мүмкін бе, жоқ па?! М.Шоқайдың пікірі жөнінде мынадай деректер бар: «Рассказывая историю о грабеже и изгнании народов Туркестана, он опирается на доводы Турора Рискулова и Сорокина. Эти господа – люди, сыгравшие большую роль в жизни Туркестана. Первый — бывший председатель ЦИК Туркестана, ныне депутат Совета Народных Комиссаров РСФСР, его книга издана в Уздавнашре, столице Узбекистана. Второй – бывший заместитель председателя Совнаркома Туркестана. Взяв выдержки из большевистской газеты «Правда Востока» в Ташкенте и журнала «Большевик за партию», среди других публикаций, г-н Чокаев показывает, как российская империалистическая и националистическая колонизация увековечивается в Туркестане [29].

Ш. Мұртазаның студенттік, жастық шағы турасындағы мәліметтерді оның ауылына, бауырлары мен қатар-құрбыларына жазған хаттарынан алуға болады. Қыркүйек-қазан, 1950 ж. Сүйікті бауырым Қаржау, Батырхан деп басталатын хатта Ш. Мұртаза өзінің студенттік өмірі турасында жазған. Бұл хаттан Кеңес үкіметінің тұсында студенттердің тұрмыс-жағдайы біршама тәуір болғанын көруге болады. «Баласының дені сау, бұғыдай. Тамағы тоқ, киімі бүтін, жатқаны пружиналы кроват, жаққаны тезек емес, электр тогі болмаса Саратов газі. Жүрсе, тұрса мінгені трамвай, троллейбус, метро – бәрі тегін, болмаса арзан, студенттерге солай» Ал мына хатында аздап студенттік өмірдің қиыншылығын бастан өткере бастағаны сезіледі онда былай делінген «13.XI.1950 ж. Ардақты, Батырхан Білмеймін, посылка сала алсаңдар жақсы болар еді. Тез арада, кәзір аздап қысылып, тұрмын, үйткені жіберген 500 сомға киім алып едім. Мұнда, қыс қатты» [17].

17.0I.1951 ж. қарындасы Құрмашқа жазған хатынан Ш. Мұртазаның сабақ үлгерімі де жақсы болғанын көреміз «Жарты жылдық сын тапсырып 4 пәннен өте жақсы деген баға алдым. Қалған пәндерді де солай өткізуге тырысудамын. Саушылық болса, енді көктемгі сынды тапсырып, барып қалармын. Апа! Мені көп ойламаңыз, маған ренжіп те жүрген боларсыз, өсірдім, бақтым, қайырымсыз, жүгенсіз өз бетімен кетті деп. Бір жәрдемшіге жалбарынып, амандық тілеңіз, бәрі болады. Денсаулығыңызды сақтаңыз. Жазда өзім дәрігерге қаратамын» Анасына, бауырларына қамқорлық, олардың халін бір сәт те естен шығармағаны жас Шерханның адамгершілік, бауырмалдық қасиетінің жоғары болғанын байқатады.

Хаттар. 06.Y.1952 ж. «Қымбатты Кеңесбек» деген хатында оқудағы жерлес бауырына «оқудағы қиындықты жеңе біл, факультет ауыр дегенді қой деп кеңес беріп жігерлендіреді. Ал 13.I.1953 ж. «Қымбатты Қаржау» - деп басталатын хатында Қаржау атты тағы бір інісіне мамандықты дұрыс таңдауға ағалық ақылын айтып жол көрсетеді. «Біздің ауылдан тек агроном мамандарынан басқалар шықпауы керек пе деп, мамандық таңдауда қателеспеудің өмірдегі ең басты таңдауды дұрыс жасауды қатты тапсырып айтады. Бұл хаттан туған жерге деген патриоттық сезімнің нышанын да көреміз. 11.II.1952 ж. «Ардақты Әбдуәлі» - деген құрдасына жазған хатында қандай кітаптарды оқып жатқанын жазады. «Бальзак, Стендаль, Шекспир, Сервантес, Гете т.б. сөз жоқ, бос уақыттарда Ленин библиотекасына барып қазақ жазушыларын да оқуға тырысамын». Жас Ш. Мұртазаның тұлғалық қалыптасуында осынау кітаптардың игі әсері болғаны дау тудырмас. Ал 24-25.XII.1949 ж. жазған хатында С.Ерубаеттың «Менің құрдастарым» атты романын оқып шыққанын, ал фильмдерден «Александр Невский», «Возвращение с победой», «Немая баррикаданы» көргенін айтады. 23.IV.1951 ж. «Әбеке, хатыңды жақында алдым» - деп басталатын хатында да құрбы-құрдасына жол сілтеп Мәскеуге оқуға келе қалса қандай оқу орнына келгені жөн екені турасында, әр Жоғары оқу орынының конкурсы қалай болғаны турасында ақпарттар айтып бағыт-бағдар береді [17].

Мұнан да біз жас Шерханның кішіге де құрбы құрдасқа да қамқор болып тек жеке басын емес, қауымның қамын ойлайтын тұлға болып жетіліп келе жатқанын аңғарамыз. Халықтың қамын жеп мұңын жоқтаған болашақ қайраткердің, осынау өзгелелер үшін де өмір сүру қасиетінің бойында тіпті ана сүтімен қалыптасқан қасиет сынды екенін көруге болады.

18.Ү.1955 ж. мына қарындасы Құрмашқа жазған хатынан оның оқу бітіріп елге қайтуға дайындалып жұмыс орнын белгіленгенін көреміз. «Құрмаш! Сау-саламат болуларыңды күн санап тілеп, сәлем жолдаушы Шерхан. Есен-саумын. Енді аз уақыттан соң, дәлірек айтқанда, 1 ай 10 күннен соң жолға шығамын. Жұмыс орны әзірше Алматы болып белгіленді, басшылар солай ұйғарды» [17].

Ш.Мұртазаның бұл күнделік мәтіндерінде қазақ тілінің мол қорымен қатар, халықтық фразеология, афористік тіркестер және тіл қорғаушыларына тән риторика кеңінен қолданылған. Дәл осы ерекшелік күнделіктерге этнографиялық және лингвистикалық құндылық қана беріп қоймай, оларды сол дәуірге тән ерекше интеллектуалдық ахуалдың көрінісі ретінде танытады.

Филипп Лежённің, эго-құжат (ego-document) — «автор, баяндаушы және протагонист бір тұлғада тоғысатын» мәтін анықтамасы тұрғысынан алғанда [18], Ш. Мұртазаның күнделіктері жеке рефлексияның ұжымдық жад деңгейіне көтерілетін кеңістік ретінде көрінеді. Йоахим Хелльбектің атап өткеніндей, посттоталитарлық қоғамдарда күнделіктер «ішкі қарсылықтың» аренасына айналып, моральдық алаңдаушылықтарды артикуляциялаудың тәсілі қызметін атқарады [19]. Бұл тұжырым 1990-жылдардағы Қазақстан жағдайына да толықтай сәйкес келеді.

Осы негізде, Шерхан Мұртазаның күнделіктерінің тарихи дереккөз ретіндегі ғылыми маңызы олардың зерттеушіге ұлттық қалыптасудың субъективтік өлшеміне тікелей қол жеткізу мүмкіндігін беруінде жатыр. Ресми түрде қалыптастырылған әрі редакцияланған дереккөздерден айырмашылығы, бұл мәтіндер «сезім құрылымдарын» [20], яғни парламенттік стенограммалар мен партиялық есептерден байқау мүмкін емес саяси өзгерістердің эмоциялық және моральдық негіздерін қайта құрастыруға жол ашады. Дәл осы күнделіктерде ресми күн тәртібінен гөрі, тәуелсіздіктің алғашқы кезеңіндегі Қазақстанға тән жасырын шиеленістер мен идеологиялық жіктер айқын бейнеленеді.

Күнделіктерді тарихи дереккөз ретінде зерттеу қазіргі гуманитарлық ғылымдарда, әсіресе ұжымдық жадтың, тарихи сананың және бірегейліктің трансформациясы аясында маңызды орын алады. Эго-құжаттану, мәдени жады және тарихи антропология тоғысындағы бағыттар шеңберінде [21], [22] күнделіктер қосалқы нарратив ретінде емес, субъективті тәжірибе арқылы дәуірдің болмысын ішкі қырынан танытатын толыққанды тарихи дереккөз ретінде қарастырылады.

Бұл тәсіл посттоталитарлық қоғамдар үшін ерекше өзекті, өйткені мұндай жағдайда жеке жазба «ішкі қарсылықтың» кеңістігіне, сондай-ақ моральдық алаңдаушылықтарды артикуляциялау құралына айналады [19].

Шерхан Мұртазаның күнделік жазбалары Қазақстанның мәдени және зияткерлік тарихындағы бірегей құбылыс болып табылады. Дәстүрлі автобиографиялық жанр шеңберінен әлдеқайда асып түсетін бұл жазбалар сталиндік репрессия дәуірінен кейінгі кезеңнен бастап тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің қалыптасуына дейінгі бірнеше дәуірді қамтитын көпқабатты тарихи дереккөзге айналады. Алпыс жылдан астам уақыт бойы жүргізілген бұл күнделіктер ауқымдылығымен, ішкі шынайылығымен және мәдени әрі саяси ишараларға бай мазмұнымен ерекшеленеді.

Қалай болғанда да, кез келген эго-құжат сияқты, Ш. Мұртазаның күнделіктері селективтілік, жеке интерпретация және көркемдік стильдеу белгілерін өз бойына сіңіреді. Алайда дәл осы ерекшеліктер олардың басты құндылығын айқындайды. Бұл жазбалар классикалық саяси тарих үшін тек фактологиялық материал берумен шектелмей, ресми дереккөздерде көрініс таппайтын уақыттың эмоциялық құрылымдарына [20] бойлауға мүмкіндік береді.

Ш. Мұртазаның «Салауат саздары» атты эссесі де тарихи тақырыпты тебірене жазған шығарма [15]. Мұнда Ш. Мұртаза Орынбор қаласының 1917 жылғы қазан төңкерісінен кейін екі бірдей елдің Қазақстан мен Башқұртстанның астанасы болған деген фактіні келтіреді. Ия көпшілік біле бермейтін бірақ тарихи шындық. Орынборда Қазақстан үкіметімен қатар Башқұртстан үкіметі құрылып, оның төрағасы болып Шәріп Манатов және Заки Валиди

болды деген тарихи деректі жазады Ш. Мұртаза. Кейін араға біраз уақыт салып Башқұртстан астанасы Стерлитамакқа көшірілді. Осы эссесінде Ш. Мұртаза «башқұрт» сөзінің қайдан шыққанына біраз болжамдар жасап салыстырмалы теңеулер келтіреді. Эссесінде Салауат Юлаевтың Пугачев бастаған көтеріліске қатысып, 22 жасында Пугачевтан генерал атағын алғанын жазады. Салауаттың көркем, келісті жігіт болғанын сипаттай отырып 1775 жылы патша әскерінің қолына сатқындардың көрсетуімен садақпен қаруланған Салауаттың тұтқынға түскенін, содан Паташаның жендеттері оның тілін, құлағын тіпті мұрнының бір ұшын кесіп азаптап, сонау Эстонияның ар жағына Балтық теңізінің Рогервик дейтін аралына жер аударғанын, жанында әкесі Юлайды қоса жібергенін айтады. Онда кісенде жүріп тас тасып, ауыр жұмыстар атқарады. Аралда алдымен әкесі Юлай қайтыс болады, ал соңынан Салауат қайтыс болады. Осы эссесінде Ш. Мұртаза башқұрттардың тарихына да біршама шолу жасайды. Салауаттың алдында башқұрт жерінде болған орыс патшасына қарсы көтерілістер, олардың көсемдерінің аты жөндерін атап көрсетеді. Тіпті патша үкіметінің айдап салуымен қазақтар мен башқұрттардың да жанжалдасқанын, екі туысқан халықты бірі-біріне айдап салып орыс патшасының зымиян саясат жүргізгенін, қазіргі таңда башқұрттар өз жерінде орыстар мен татарлардан кейін азшылыққа айналғанын жазады. Туысқан екі халықтың қайғылы тарихын салыстырады. Башқұрттар қазір Башқұртстанда 23-ақ пайыз деп жанашырлықпен жазады Ш. Мұртаза [15].

Осы мақаласында Ш. Мұртаза сонау тоталитарлық Кеңес үкіметінің өзінде Мағжан Жұмабаевты «Ұлы ақын Мағжанды ақтандар» деп Д. Қонаевқа сексен беттен тұратын хат жазған Башқұртстанның үлкен жазушысы Сәйфи Құдаш турасында соны пікірлер жазып жаңа бір ой тұжырымын жасайды. Сонымен бірге Ш. Мұртаза Заки Валиди турасында «Салауаттың ісін жалғастырушы» деп, Валидидің Совет үкіметі орнаған сәттен бастап автономия талап еткені бұл талапты Лениннің өзі алғашында қолдап 1919 жылы 20 наурызда Ленин, Сталин, Валиди қол қойған құжатпен Башқұртстанға автономия бергені кейін, он төрт ай өткенде ол құжаттың күшін жойып қайтадан Империяның улы тырнағының астына салғанын кәсіби тарихшыдай жазады. Осы мәселеден кейін Заки Валиди Лениннің өзіне ашық та батыл хат жазып, оның құйтырқы саясатын бетіне басады. Кейін Түркияға кетіп сонда ірі ғалым болады-деп тұжырымдайды. Ш. Мұртазаның бұл жазбасын Заки Валиди Тоғанның «Естеліктер» деп аталатын еңбегінде Өзінің 1920 жылы 12 қыркүйекте РКП Орталық Комитетіне соның ішінде Ленин, Сталин, Троцкий мен Рыковқа арнап жазған хаты да дәлелдейді [16].

Жоғарыда аталған эссенің өзінен- ақ Ш. Мұртазаның тек жазушы емес тарихшы сынды талантына да тәнті боламыз. Ш. Мұртаза тарихымыздың жанашыры. Ол М.Х. Дулатидың Тарихи-Рашиди еңбегінің орасан зор маңызын атап көрсетіп «Қазақстан, Орта Азия, Шығыс Түркістан, Үндістан, Пакистанның орта ғасырдағы тарихы турасында еңбек жазған тарихшылардың қайсібірі болмасын осы еңбекке сүйене соқпай өтпейді» деп өте орынды пікірін білдіреді [15]. Ол М. Хайдар Дулатидың қазақ халқының тұңғыш тарихшысының атын дәріптеу жөнінде өз мақаласында жазып бұл бағытта тек ғалым А. Дербісәлінің ғана қажырлы еңбектеніп, жер шарының түкпір- түкпірінен Дулати турасында деректер жинап жүргенін тілге тиек етеді.

Оның Кашмирдегі зиратын іздеп тапқанын да ырзашылықпен айтып өтеді. Сонымен қатар Тараз Университетінің сол кезеңдегі ректоры У. Бишімбаевтың осы университетте екі рет Дулатиге арнап халықаралық конференция ұйымдастырғанын айтады. Университет алды-на Дулатидің ескерткішін қойдырғанын жазады. Дулати тану орталығы ашылғанын айтып енді Дулатидің туғанына 500 жыл толу мерей тойын астанада өткізген жөн деп ұсыныс тастайды.

Ш. Мұртаза «Баласағұн жұмбағы» деп аталатын эссесінде де көп мәселеге тарихи тұрғыдан қарап талдау жасаған [15]. Мысалы ол Жүсіп Баласағұнның «Құтты Білік» шығармасын әлдекімдердің тек ұйғыр тілінде жазылған, ұйғыр халқына ғана тән деген пікіріне қарсы, 1970 жылғы Құтты Білік шығармасының жазылғанына 900 жыл толуына орай өткен конференцияның нәтижесін айтып, «бұл шығарма тілі сонау Орхон жазуларына барып тіреледі. Демек

Күлтегіндер сөйлеген түркі тілі, ендеше бұл шығарма күллі түркі халықтарына соның ішінде қазаққа да ортақ шығарма» - деп ой тұжырымын жасайды. Сонымен бірге Баласағұн қаласын да Қарахандар әулетінің астаналарының бірі болған бұл қала негізінде V ғасырда салынған, ал XIII ғасырда қиратылған. Қиратқан қытайдың Гур хан деген ханы болған. Сол дәуірде бұл қала соның билігіне өткен.

Гурхан бір соғыс жорығына кетіп, дәлірек Хорезм шах пен Гур хан Талас маңында соғысып ол соғыста Гур хан жеңіліп қашып, Баласағұн қаласына келеді. Гур хан оралғанда оның жоқтығын пайдаланып, оны жек көрген қала халқы оны қалаға кіргізбей қақпаларды ашпай қояды. Бұған ашуланған Гур хан өзі билеп тұрған қаланы шабуылдап он алты күн дегенде әзер алып, қаланы талқандап тіпті өртеп жіберген. Жат жерлік билеуші қалаға тіпті де жаны ашымастық танытып қаланың түбіне жеткен. Қарахан кісі аты емес титуль, дәреже екенін Мұртаза тарихшыдай анықтай жазады.

Сонымен бірге «Кітап теңізіндегі жихангез» деп аталған эссесінде Ә. Каримуллиннің Татар халқының шығу тегін орыстың демократ, ойшылы Н.Г. Чернышевскийдің «Филофиядағы антропологиялық принцип» деп аталатын еңбегіне сүйене отырып айтқан пікіріне тоқталады [15]. Бұл еңбек бойынша татарлар деп жүрген халқымыз Еділ бойын мекендеген - бұлғарлар. Чернышевскийдің жазуынша «олар Бату бастаған монғолдар бұл аймақты жаулап алудан көп бұрын осы жерді мекендеген бұлғарлар болған» - дейді Каримуллин.

Бұл бұлғарлардың бір бөлігі сонау қадым замандарда Аспарух ханның бастаумен Еуропаға дейін барып қазіргі Болгар мемлекетінің негізін қалаған. Сол бұлғарлардың біразы Кавказда қалып қазіргі карашай, балкар халықтарын құраған. Бір бөлігі Қазан өзенінің бойынан «Қазан» деп аталған қала салып астана етіп, хандықтарының орталығы еткен. Содан бастап Бұлғар хандығы Қазан хандығы деп аталған деп тарихи көпшілікке беймәлімдеу деректерді зерттеуші Ш. Мұртаза талдап жазады. Одан әрі ол бұл халықтың қалай татар атауымен аталғанына тоқталады. 1552 жылы орыстың қатігез патшасы Иван Грозный Қазан қаласын жаулап алған кезде қаланы, мұсылман дінінен миссионерлердің көмегімен христиан дініне енгізу басталған. Сол сәтте христиан дініне кірігісі келмегендерді Грозныйға жамандау айласына көшкен миссионерлер, «бұлар сонау монғолдардан қалған татарлар» - деп жамандап содан «татар» деп аталып кеткен деп Ә. Каримуллиннің пікіріне тоқталып өтеді Ш. Мұртаза.

Мұртазаның тарихқа деген, білімге деген құштар қасиеті мұнымен тоқтамай, «ал сонда шын татарлар кім болған?» деген сұраққа жауап іздейді. Сөйтіп біздің заманымыздың бесінші ғасырында Монғолияның солтүстік-шығыс жақ аймағын монғол тектес та-та деген халық мекендеген. Қытай диалектісі қосылып олар р дыбысын қосып татар атанған. Тіпті Шыңғыс ханның әкесі Есугей батырды өлтірген осы татарлар екен, сондықтан оларды Шыңғыс ханның өзі қырып салуға бұйырған деген пікір айтады. Бірақ оларды қырып тауысу мүмкін болмаған, татар атауы тіпті Еуропаға дейін жеткен. Каримуллиннің зерттеу аясына тіпті сонау Америка үндістерінің тілі де кіреді. Ондағы көп сөздердің түркі сөздерімен бірдей екеніне, мұның өзі кездейсоқ емес қой деп тіпті кейбір ертегілері мен ою-өрнектері де ұқсас екенін, сонда олар бір замандарда Полинезия, Алеут аралдары арқылы Америка құрлығына өтуі әбден мүмкін деген болжамды ой айтып, болашақ зерттеулерге жол нұсқайды. «Ататүрік-Ұлттық рух» деген Түркияға арналған эссесінде Ш. Мұртаза Түркия тарихын сипаттайды [15].

Онда Осман империясының бастауында тұрған Ер Тұғырылдың ұлы Османнан бастап Мехмет, Сәлім, Сүлеймен, Мұрат сұлтандардың есімін еске алады. Баязит сұлтанның тағдырына аяныш білдіреді. Себебі оны өзге емес өз тектесі деуге болатын тағы бір түркінің жаханға мәлім болған қолбасы Әмір Темірдің қолынан опат болғаны аянышты халін ашына жазады. Бұл екі ұлы тұлғаға не жетпеді екен деп ой толғайды. Ақсақ Темір Баязитті Индиядан әкелген пілдердің көмегімен жеңді дейді. Сонымен тынбай Ақсақ Темір Ресейді ауыздықтап тұрған Тоқтамысты талқандап Алтын Орданың құлауын жеделдетті. Осынау үш тұлғаның түркі текті тұлғалардың басы бірікпеді - деп Ш. Мұртаза тарихи тұрғыдан ой сабақтайды. Олардың қателігін кейінгі ұрпақтары да қайталамауға тырысты, әйтседе көбі опат болды.

Заки Валиди Түркияны паналап тірі қалды. Осман империясы алты ғасыр бойы Еуропаны ұсында ұстайды дейді Ш. Мұртаза, ақырында кәрі арыстанның кейпін киді. Соны сәтті пайдаланған Француз, ағылшын елдері, еуропаның Антанта одағы, гректер сияқты басқа да жаулаушы елдер Түркияда Осман империясы кезінде кеткен кегін алмаққа анталай ұмтылды. Сонда тарих сахнасына Мұстапа Кемал Ататүрік сынды тұлға шықты. Ол Түркияны бөлшектеуден аман алып қалды. Еуропаның анталанған жаулаушыларына күйрете соққы берді. Ататүріктің түрік халқын әлем таныған халық деңгейінде көтеру үшін жасаған іс-әрекетін Ш.Мұртаза жүйелеп көрсетеді. Әсіресе оның шет елдік жаулаушыларды, түрік ұланының рухын көтере отырып тойтарыс берген соң, аштыққа ұрынған халықты аштықтан алып шыққан ерлігіне бас иеді. Ш. Мұртаза Сонымен қатар Ататүріктің түрік тілі туралы айтқан терең мағыналы сөздерін келтіреді. Түрік ұлтының ұлттық бейнесін сақтап қалу үшін айтқан ұран сөздерін мысал етіп жазады. Осынау ұлы тұлғаның ұлт үшін бүкіл ғұмырын сарп еткен тамаша өнегесін еліміз ұландарына үлгі етіп ұсынады.

«Сталинмен қоштасу» атты шығармасында Ш.Мұртаза Сталиннің жеке басына табынудың зардаптарын суреттейді. «Бүгін Сталинмен қоштасу күні. Борис Фардзинов екеуіміз бірге баруға келістік. Әсіресе бүгін жалғыз-жарым жүру өте қиын. Баратын жеріміз – Колонна залы» деп басталатын әңгіме Жеке басқа табынудың қандай құлдық сананы қалыптастыратын-дығын, бұқараның психологиялық күйін сипаттайды. Жеке басқа табыну фанатизмі салдарынан қалың нөпірде адамдардың құрбан болып жатқанына өзі куә болған оқиғаны, тірісінде неше мың адамның қанын жүктеген Сталин өлген соң да қаншама адамдардың өліміне себепкер болғанын жазады. Осы шығармасы арқылы да Ш. Мұртаза Сталинизм дәуірін айыптайды. «Сталинмен қоштасу» да тарихи шындыққа негізделген еңбек [15].

Қорытынды Мақала барысында Ш.Мұртазаның күнделіктері мен хаттары кең түрде талдау нысанына айналды. Ш. Мұртазаның күнделіктерінің, естеліктерінің ерекшелігі, кезкелген басқа мемуаристің шығармасынан айырмашылығы, айқын кәсіби зерттеу тәсілінде, өткен күндердің оқиғаларын, олардың эмоционалды және нақты жақтарын сипаттай отырып, автор ерекше ғылыми ойлау стиліне байланысты оларды жазушының көзқарасымен талдайды. Қазіргі заманның көптеген сұрақтарына жауап беруге тырысады, үнемі тарихи өткенге жүгінеді.

Ш. Мұртаза күнделіктері кейде фактілерді құрғақ түрде жазады, бірақ, әдетте, жазбалар болып жатқан оқиғаларды аналитикалық түсіну мен бағалауды білдіреді. Көптеген жазушылар ғылыми және саяси әлемде болып жатқан оқиғаларды тіркеуге саналы көзқараспен қарады, сондықтан Ш. Мұртаза күнделіктері әртүрлі ақпараттарымен, соның ішінде "бастапқы" деңгейдің нақты материалымен, ұсақ-түйектерімен ерекше, тек куәгерлерден алуға болатын мәліметтер. Ш. Мұртаза күнделіктерінің құндылығы да сонда. Сонымен қатар мақалада Ш.Мұртазаның туыстарына, бауырлары мен құрбы-құрдастарына жазған студенттік кездегі хаттарына да біршама талдау жасалынды. Бұл хаттар арқылы біз Ш. Мұртазаның болашақ елдің қамын жан-жүрегімен ойлайтын тұлға болып қалыптасуын, мұндай өзгелер үшін өмір сүруге бейім қасиеттің оның бойында жастық шағынан қалыптаса бастағанын көрсетуге тырыстық. Шерхан Мұртаза - жазушы ретінде тарихи тақырыпқа қалам тартқан аға буын ұстаздары Мұхтар Әуезовтың, Ілияс Есенберлиннің дәстүрін жалғаған жазушы екендігіне баса назар аудардық. Осы тұрғыда Ш. Мұртазаны жазушы әрі тарихшы деуге болады.

Себебі Шерхан Мұртазаның тарихи тақырыптағы түрлі жанрдағы шығармалары өте көп. Айта кетер болсақ: «Қызыл Жебе», «Ай мен Айша» сынды тарихи дерекке негізделген романдарынан бастап, тарихи тақырыптағы: «Сталинге хат», «Бесеудің хаты», «Әзиза», «Ноқтаға басы сыймаған» пьесалары құжаттық деректермен жазылған шығармалар. Біз мақаламызда соның ішінде тарихи әңгімелері «Сталинмен қоштасу» және тарихи эсселері «Тұрар Рысқұлов», «Баласағұн жұмбағы», «Кітап теңізіндегі жихангез», «Салауат саздары», «Ататүрік ұлттық рух», «Байтеректің тамыры мен бұтақтары» сынды эсселері мен тарихи

шығармалары арқылы жазушының әдебиетімізбен қатар төл тарихымызға да зор үлес қосқанын көрсеттік.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Артықбаев Ж.О. *Тарих философиясынан лекциялар. Оқу құралы. 1 бөлім.* - Алматы: CyberSmith. 2019. – 244 б.
2. Қозыбаев Манаи. *Шығармалары.* – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2013 Т.3 – 328 б.
3. Асылбеков М, Төленова З. Академик М.Қ. Қозыбаев: ғұлама ғалым, ірі қоғам қайраткері /М.Асылбеков, З.Төленова. - Алматы: «Елтаным баспасы», 2014 - 280 бет
4. Қойгелдиев М. *Тарих –күрес алаңы: мақалалар, сұхбаттар.* - Алматы «Қаратау КБ» ЖШС; «Дәстүр», 2015. – 388 б.
5. Аяган.Б. *Смутное время Нейизвестное страницы известной истории /Б .Аяган, А. Ауанасова, Е. Нурпейсов.* - Алматы: ТОО ЛИТЕР – М., 2017. – 254 с.
6. Алпысбес М.А. *Тарихи жады деректері және айтылған тарих әдісінің маңызы хақында заманауи ғылыми ой. Вестник КазНПУ имени Абая, серия «Исторические и социально-политические науки», №2 (49), 2016 г.*
7. Қыздарбеков. Б. *Қазақстанның қазіргі заман тарихы (Кеңес дәуірі 1917-1991 жж.) Оқулық-Қарағанды, Medet Group ЖШС. 2019. - 254-бет.*
8. Жолдасов С. *Шежірелі Оңтүстік .Көне заманнан бүгінге дейін Қаз ақпарат 2002 - 234 бет*
9. Тұрсын Х.М., Мамбетов Б. *Отандық тарихи тұлғатану әдіснамасындағы ұлттық мүдде. ҚазҰПУ. Хабаршы. Тарих сериясы. №2 (93). 2019 ж.*
10. Сүлейменов Жұмажан *Мақалалар: Қазақтың Шерағасы: Жинақ / Құраст. А.Т. Кембаева. - 9- кітап. – Тараз: ТИГУ Редакциялық-баспа бөлімі, 2017. 188 б*
11. Тұрысбек Р.С., Байтанасова Қ.М. *Қазіргі кезең әдебиеті. Оқулық - Астана: Фолиант, 2014. – 360 бет.*
12. F. Мүсірепов *Күнделік. Алматы: Ана тілі, 1997. - 288 бет*
13. Әскери күнделік. 1-кітап / Ә. Нұршайықов. - Алматы : "Өнер", 2010. - 560 бет.
14. М. Әуезов *Шығармалары елу томдық толық жинағы. 38-том. Алматы: «Жібек жолы». 155-253 беттер.*
15. Мұртаза Ш. *Ақындар мен Әкімдер Мақалалар, эсселер, публицистикалық толғамдар Құраст. Қ. Назырбаев Астана Елорда ,2002. – 808 бет.*
16. Заки Валиди Тоган. *В 20 Воспоминания: Книга 2. – Уфа: Башкирское издательство «Китан», 1998. – 185 с.*
17. Мұртаза Ш. *Ауылды сені сағынам. Шерхан Мұртазаның студент шағындағы хаттары және кейінгі жылдары жазылған пьесалары, әңгімелері мен күнделіктері. Құрастырушылар: Алма Мұртаза, Назым Қожамарова – Алматы. «Darmen Media» баспасы, 2022 ж. – 272 бет*
18. Lejeune P. *On Autobiography / Trans. by K. Leary. – Minneapolis: University of Minnesota Press, 1989. – 320 p.*
19. Hellbeck J. *Revolution on My Mind: Writing a Diary under Stalin. – Cambridge, MA: Harvard University Press, 2006. – 448 p.*
20. Williams R. *Marxism and Literature. – Oxford: Oxford University Press, 1977. – 392 p.*
21. Lejeune P. *Le pacte autobiographique. – Paris: Éditions du Seuil, 1989.*
22. Nora P. *Les Lieux de mémoire. – Paris: Gallimard, 1989.*
23. Ашаршылық. Голод. 1928–1934. *Документальная хроника : куәгерлер естеліктері, ашаршылық туралы жазылған кітап-жинақтар материалдары, көркем әдебиет үзінділері / Жауапты редактор-құрастырушы Б. Әбдіғалиұлы. — Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2021 — 604 б.*
24. АПРК Ф.141.оп.1.д.13139.Л53-60.

25. *Описание Чжуньгарии и Восточного Туркистана в древнем и нынешнем состоянии* : [ч. 1-2] / переведено с китайского монахом Иакинфом. — Санкт-Петербург : Тип. Карла Крайя, 1829. — XLVI, 270, [3] с., [2] л. цв. ил. : табл. : 21
26. *Думан Анаш «Коммунарка. Алматы Ақшамы», №123, 20-қазан, 2011 жыл.*
27. *Турар Рыскулов – Выдающийся представитель казахской интеллигенции Ибраев Галимбек Мадидбекович – магистр педагогических наук «Мұстафа Шоқай және түркі әлемі: тарихтан тағылым мен идеялық сабақтастық» халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның ғылыми еңбектер жинағы. 31 қазан 2024 ж., Қызылорда - 270 б.*
28. *Жақсылықбаева Р.С. Автореферат. Алматы, 2002. 15-166б*
29. *Мустафо Чұқай. Туркистон Шўролар ҳоқимияти даврида // “Эрк” (Тошкент), – № 14, 1990 йил 28 август.*

References:

1. *Artykbaev Zh.O. Lectures on the philosophy of history. Tutorial 1. - Almaty: CyberSmith. 2019-244 p*
2. *Kozybaev Manash. Works -Almaty: "Kazakh Encyclopedia," 2013 T.3 – 328 p*
3. *Asylbekov M. Tolenova Z. Academician M.K. Kozybaev: scientist, major public figure /M.Asylbekov, Z. Tolenova-Almaty: "Eltanym basmasy," 2014 - 280 pp*
4. *M. Koigeldiev History- wrestling area: articles, interview-Almaty of Karatau KB LLP; "Tradition," 2015 – 388 p*
5. *Ayagan. B. Muddy time Neusvestnoe page of famous history/B. Ayagan, A. Auanasova, E.Nurpeisov-Almaty: LLP LETTER – M., 2017 – 254 p*
6. *Alpsbes M.A.Modern scientific thought on the meaning of the stated method of history and memory data of. Tarihi. Bulletin of KazNPUimAbay, series "Historical and socio-political sciences," No2 (49), 2016*
7. *Modern History of Kazakhstan (Soviet era 1917-1991) Textbook-Karaganda, Medet Group LLC 2019-254 page*
8. *Dzholdasov S. Shezhireli Yuzhno - Information from 2002 - 234 pp*
9. *Tursyn H.M., Mambetov B. National interests in the methodology of domestic historical identity. KazNPP, Khabarshi, History series. №2 (93). 2019*
10. *Suleimenov Zhumazhan Articles: Kazakh Sheraga: Collection/K, rast. Kembraeva. - book 9. - Tarazsky: Editorial and Publishing Department of TIGU, 2017. 188 p*
11. *Turysbek R.S., Baitanasova K.M. Literature of the modern period. Textbook-Astana: Tome, 2014-360 pp*
12. *G. Musrepov Diary of Almaty: Native language, 1997.- 288 pp*
13. *War Diary. Book 1/A. Nurshayykov. - Almaty: "Art," 2010. - 560 pages*
14. *M. Auevov Works fifty-volume complete collection. Volume 38. Almaty: "Silk Road". Pages 155-253.*
15. *Murtaza Sh. Akims Articles, essays, journalistic interpretations Collection, K. Nazyrbayev Astana, 2002-808 pp*
16. *Zaki Validi Toghhan. In 20 Memoirs: Book 2, - Ufa: Bashkir publishing house "Book," 1998. – 185p*
17. *Murtaza Sh. Miss the village. Student letters of Sherhan Murtaza and plays, stories and diaries written in subsequent years. Compiled by: Alma Murtaza, Nazym Kozhamarova - Almaty. Publishing house "Darmen Media," 2022. - 272 p*
18. *Lejeune P. On Autobiography / Trans. by K. Leary. – Minneapolis: University of Minnesota Press, 1989. – 320 p.*
19. *Hellbeck J. Revolution on My Mind: Writing a Diary under Stalin. – Cambridge, MA: Harvard University Press, 2006. – 448 p.*
20. *Williams R. Marxism and Literature. – Oxford: Oxford University Press, 1977. – 392 p.*
21. *Lejeune P. Le pacte autobiographique. – Paris: Éditions du Seuil, 1989.*
22. *Nora P. Les Lieux de mémoire. – Paris: Gallimard, 1989.*

23. *Hunger. Hunger. 1928–1934. Documentary chronicle: recollections of witnesses, materials of collection books about hunger, fragments of fiction/Executive editor-compiler B. Abdygaliuly. - Nur-Sultan: Foliant, 2021 - 604 p.*

24. *APRK. 141funds. 1list.13139cases.L53-60sheet.*

25. *Description of Zhungaria and East Turkestan in ancient and present state: [part 1-2] /translated from Chinese by the monk Iakinf. - St. Petersburg: Type. Carla Craia, 1829. - XLVI, 270, [3] p., [2] l. zv. shudge: tab.: 21*

26. *Duman Anash "Kommunarka. Almaty Akshamy," No. 123, October 20, 2011.*

27. *Turar Ryskulov - An outstanding representative of the Kazakh intelligentsia Ibraev Galimbek Madibekovich - master of pedagogical sciences collection of scientific works of the international scientific and theoretical conference "Mustafa Shokai and the Turkic world: knowledge of history and ideological continuity." October 31, 2024, Kyzylorda - 270 p.*

28. *R.S. Zhaksylykbaeva Avtoreferat. Almaty, 2002, pp. 15-16*

29. *Mustafo Chokay. Turkestan during the reign //" Erk" (Tashkent), - No. 14, 1990 August 28.*